

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1116 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 12 қарашадағы № 1192 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.09.2014 № 1011 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1116 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2004 ж., № 41, 528-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі туралы ережеде:

1 0 - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы 66-1) және 66-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«66-1) мемлекеттік қызметтің регламентін әзірлеу бойынша әдіснамалық к ө м е к ;

66-2) мемлекеттік қызмет стандарттары мен регламенттерін әзірлеу м о н и т о р и н г і ; » ;

66) тармақша «әзірлеу» деген сөзден кейін «мен жүргізу» деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

70) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«мемлекеттік органдардың қатысуымен Қазақстан Республикасының жұмылдыру жоспарын және тауарларды өндірудің, жұмыстарды орындау мен қызметтерді көрсетудің тиісті кезеңге арналған жоспарын әзірлеу, мемлекеттік органдардың, облыстар, республикалық маңызы бар қала мен астана әкімдіктерінің жұмылдыру жоспарларын келісу;»;

72) тармақшадағы «мен жұмылдыру» деген сөздер алынып тасталсын;

73) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласында ғылыми зерттеулер мен әдістемелік қамтамасыз етуді, сондай-ақ жұмылдыру органдары мамандарының біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;»;

мынадай мазмұндағы 75-1) және 75-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«75-1) Қазақстан Республикасындағы жұмылдыру дайындығы мен

жұмылдыру қағидаларында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының жұмылдыру әзірлігін бағалауды жүзеге асыру және бұл туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне жыл сайын баяндап отыру;

75-2) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың әскери міндеттілерді броньдау жөніндегі жұмысын үйлестіру;»;

«3. Министрліктің қызметін ұйымдастыру» деген бөлімде:

16-тармақ мынадай мазмұндағы 19-1) тармақшамен толықтырылсын:

«19-1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықаралық шарттардың мәтіндерін дәйектейді, оларға қол қояды және қабылдайды;».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* *К. Мәсімов*